Қоғамдық ұйымдардың негізгі мақсаты – 1916 жылғы маусым жарлығына байланысты Қытайға босқан қазақтарға, 1917–1918 жылғы жұтқа ұшыраған аш-жалаңаштарға, мұқтаж окушыларға жәрдем көрсету, кітап бастыру, әдеби мұраларды жинау, жағымсыз әдет-ғұрып, салт-санана қарсы құресу.

Солардың бірі – Семейде ұйымдастырылған «Талап» ұйымы және олардың ұстаған бағдарламасы мен осы ұйымның «Иглікті ісі» туралы «Сарыарқа» газетінде жарияланған мақала.

Мұнда Абайдың немересі – Тұрагұл Құнанбаевтың қызы Ақышты ұзату тойында «Енлік-Кебек» спектаклі қойылғандығы сөз болады.

Мұхтар Әуезов Шәкірім Құдайбердиевтің дастаны «Енлік-Кебекті» театр түріне айналдырылған, режиссері әрі суфлері болған. Ойыннан түскен қаржы Құлжадағы босқындарға жіберілген.

3. Ақғвардияшылар жағынан 1919 жылдың 20 желтоқсанына дейін кеңес үкіметі жағына шыққан қазақтың қоғам қайраткерлеріне кешірім жасау жөніндегі 1919 жылдың қараша айында Қазақ төңкеріс комитеті мен Түркстан майданы башшыларының бүйріғына, қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетінің жарлығына, халық комиссарлар кеңесінің арнаулы декретіне қарамастан, Сібірдің 5-ші әскери кеңесі мен әскери төңкеріс комитеті Райбеков, Оспанов, Бекейханов және Бәйтеновтерді 1920 жылдың 4 ақпанда жеделхат жолдады.

Бұл жүгендіздікке тоқтау, салу және қамауға алынған интеллигенттерді тез арада босату жөнінде Семей губревкомының мүшесі Ж. Төленов, Қазақ төңкеріс Комитетінің төрағасы С. Пестковскийге 1920 жылы 4 ақпанда жеделхат жолдады.

Бұл жедел хатқа мезгілінде жауап ала алмағандықтан, Қазақ әскери төңкеріс комитетінің Семей губерниялық төңкеріс Комитетінің мүшелері Ж. Төленов, Ә. Ермеков және РКП жаңын-

дағы Түрік халықтары бюросы секциясының мүшелері М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтар қамалған қазақ интеллигенттерін босату және қазақ қоғам қайраткерлерін құдалауға тыйым салуды талап етіп, 1920 жылы 3 наурызда жеделхат жіберді.

4. «Ел ағасы» пьесасы 1921–1922-жылдарда жазылған. Спектакль бағдарламасы Юсупов, Аймауытов, Күжанов, Байметов, Көбековтерді айыптау ісі деген Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сакталған 251-кор, 4-тізбе, 10-істін 212 бетінде тіркелген.

5. 1921 ж. 25 тамызда Семей қаласында шетелдік тұрғындардың Отанына қайта оралуына рұқсат берілгені жөніндегі бүйрық.

6. Семей губатком тәрағасы Мұхтар Әуезовке 1921 жылдың 4–10 қазан аралығында Орынбор қаласында өткен Бұқілқазақтық съезіне қатысуға берілген мандат.

7. Елді жайлаған ашаршылық мәселесіне арналған жауапты қызметкерлердің I кенесінің хаттамасынан үзінді.

8. М. Әуезовке 1921 жылғы 10 қазанда II Бұқілқазақтық кенестер съезінің шешімі бойынша, Москвада 1921 жылдың 23–28 желтоқсан аралығында өтетін Бұқілресейлік съезіне шешуші дауыспен қатысуға берілген мандат. Бұқілқазақтық кенестерінің Шіл съезі 1921 жылы қазан айынын 4–10 күндері аралығында өткен. Съездің күн тәртібінде 13 мәселе ұсынылды. Съезге Бұқілодактық орталық атқару комитетінің өкілі Л. М. Каганович, Шығыс ұлттары өкілі Павлович және Түркстан республикасы өкілі С. Қожанов қатысты. Съезд тәралқасының мүшелігіне және секретариат құрамына М. Әуезов сайланды. 10 қазан күнгі ен соңғы мәжілісте Қазатком Орталық Комитетінің құрамы сайланды. Алқа мүшелігіне 75, кандидаттығына 25, Бұқілодактық кенестер съезіне делегат болып 37 адам сайланды. Осы съезде М. Әуезов Қазатком Орталық Комитетінің мүшелігіне және Бұқілресейлік кенестерінің 9-шы съезіне делегат болып сайланды.

9. М. Әуезов Семейден шақырылып, 1922 жылы 3 сәуір күнгі Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Тәралқасының қаулысы бойынша, Қазатком тәралқасының мүшесі өрі саяси хатшысы қызметіне тағайындалған.

Осыны дәлелдеу үшін берілген куәлік.

10–11. Ақмола, Семей губернияларының өндіріс орындарына жұмыскер тарту, жер туралы декретті жүзеге асыру мен кедейлерді

милиция қызметіне тарту т.б. мәселелерді тексеруге және оны үйымдастыруға жіберілген Қазатком мүшесі әрі саяси хатшысы, саяси басқарма өкілі ретінде М. Әуезовтің Семей губаткомына алдын ала берген жеделхаты және оған өзін-өзі қорғау үшін қару беру жөніндегі ұсыныс.

12–13. М. Әуезовтің Семей губком төрағасы, Қазатком Төралкасы мүшесі әрі саяси хатшы және «Тан» журналында редактор қызметтерін атқаруына байланысты, Ленинград университетіндегі окуынан қол үзіп қалып, енді сол окуын жалғастыргандықтан, Қазақстан Халық комиссарлары кеңесі атынан жоғары оқу орындары студенттеріне берілетін стипендия алушылар қатарына косу жөніндегі өтініші және С. Қожановтың Қазақ Комиссарлары кеңесіне М. Әуезовке стипендия беру жөніндегі ұсынысы.

14. Мұхтар Әуезовтің 1926 жылы 23 маусымда Қызылорда қаласында ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасының уақытша қызметін атқарушы Н. А. Лебедевпен кітап шығару туралы жасаған шартты.

15–16. Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1929 жылы оқу орындарын жат адамдардан тазарту туралы қаулы алды. Осы қаулыға сәйкес, Қазақстанның барлық оқу орындарында оқушылардың, студенттердің, оқытушылардың ата-тегін, бұрынғы қызметін тексеріп, тазалау жүргізілгенде, осы қара тізімге қазак орман техникумының оқытушысы – Қазақ халық ағарту институтында шарт бойынша қосымша сабак беріп жүрген М. Әуезов те ілікті.

1929 жылы 21 ақпанда Қазақ халық ағарту институты жағында коммунистік фракция мәжілісі Мұхтар Әуезовті «студенттерге Маркстік көзқарас түрғысынан лекция оқымайды, негізінен Абай, Мағжан Жұмабаев шығармаларына ден қояды» деп айыптаپ, келешекте институтта әдебиет пәннің оқытушысы болуға лайықсыз, сондықтан оны бұл қызметтен шығару халық ағарту комиссариатынан сұралсын деп қаулы алды. Бұл қаулы 1929 жылы 22 ақпанда халық ағарту институты төралқасынан мәжілісінде қаралып, коммунистік фракция қаулысы бекітілді.

Бұл екі шешім Халық ағарту комиссариатында 1929 жылы 12 наурызда қаралып: «Әуезовке тағылған кінә жеңіл, оны педагогикалық кеңестің араласумен-ақ жөндеуге болады, оқу жылы ортасында жұмыстан босату, жасалған шарт заңын бұзу болып табылатындықтан, М. Әуезов бұрынғы қызмет орынында қалдырылсын» деп қаулы алды.

17. 1920 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов т.б. жазушыларды «ұлтшыл», «контрреволюционер», «Алашордашыл» деп қуғынға салды. Абақтыға жапты. Соттады.

М. Әуезов Халық Комиссарлар Кенесінің тәрағасы О. Исаевтың атына өзінің саяси қателіктерін мойындау жөніндегі арызды жазды. Бұл арыздың уақытша көздеңен мақсаты – коммунистік партияның саясатын лажсыз мойындау, қуғын-сүргіннен аман құтылу. Негізгі мақсаты – халқына адал қызмет ету. Бұл Мұхтар Әуезовтің көрегендігі, алдын болжай білгендігі болды. Кейін саяси қуғынға ұшырағандарды жаппай ату тізімделгенде, «құдай сақтап» аман қалып, өз дарынын, ойын, қабілетін, білімін халқы үшін сарп етуге, өзі айтқандай, «халқы алдында акталуына» толық мүмкіндік туғызыды.

Сол үшін бұл арызды кінә өтіп танудын қажеті жок.

Егер де Мұхтар Әуезов саяси қырғынның құрбаны болып кеткенде, қазақты өлемге танытқан Абайдың да, «Абай» романының да тағдыры екі талай еді.

18. 1944 жылы 1 тамызда Ғылым академиясы тәралқасының тәрағасы К. И. Сатбаевқа жазушылар М. О. Әуезов пен Ф. Мұсіреповтің Ғылым академиясының қорындағы Б. Момышұлының 8-ші гвардия дивизиясы туралы материалдарымен жұмыс істеуге рұқсат сұрапан хаты. Рұқсат берілгені жөнінде белгі қойылған.

21. Халқымыздың ұлы перзенті, терең ойшыл, Лениндік және Сталиндік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, енбек сінірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 1961 жылы 27 маусымда қайтыс болуына байланысты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Тәралқасының, Қазақ КСР Министрлер Кенесінің көніл айтуы.

22. Талантты жазушы, кеменгер ғалым, қоғам қайраткері М. Әуезовті жерлеуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кенесі тарапынан құрылған комиссия құрамы.

23. Аса көрнекті жазушы, Лениндік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымының докторы, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кенесінің депутаты М. О. Әуезовтің қайтыс болуына байланысты КСРО Жазушылар одағының басқармасы, Қазақ КСР Жазушылар одағының басқармасы, Бейбітшілікті қоргаудың Кенестік комитеті, КСРО Министрлер Кенесі жаңындағы әдебиет пен өнер саласындағы Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитетінің көніл айтуы.

24. Жүгенсіздік, нашар мінез-құлық, алдау-арбау, өсек-аян, азып-тозудың негізгі көзі билік-басқарудың, тізгін-мақсаты ба-ска, ниеті шалғай, сұық бауыр жанның колына тигендіктен, ел ішін қырық бөлек еткен партиягершілік қазактың үйымшыл, әділ, бірлікшіл, намысшыл мінезінен айырылуынан деп тапқан Ж. Ай-мауытов пен М. Әуезовтің қазан төңкерісіне дейінгі бірлесіп жазған мақаласы.

25. М. Әуезовтің оқыған жастарды мал табу, шен тағуға емес, көрісінше, надандыққа, карта ойнаушыларға қарсы күресуге, оларды береке-бірлікке, ұлт ісіне ақ жүргімен білімді болып кірсуге шақырған мақаласы.

26. М. Әуезовтің оқу құралдарын, оқу бағдарламасын қандай бағытта, қай тілде жазу қажеттілігі туралы ой-пікірін айтқан мақаласы.

27. 1941 жылы соғыс басталысымен Қазақстан жазушылары мен кино қызметкерлері алдына жауынгерлік, ерлік, енбек тақырыптарына байланысты Қазақстанда кино ісін дамыту мәселесі қойылды. Осыған байланысты 19.IX.1941 жылы арнаулы мәселе қаралды. Осы мәжілісте сценарий жазу үшін М. Әуезов, С. Мұқанов, F. Мұсірепов, Ә. Тәжібаев, Ә. Әбішев, Ш. Құсайынов құрамында топ құрылды.

1941 жылдың өзінде-ак «Амангелді шақырады» (F. Мұсірепов, Л. Вайтоловская), «Кездесу» (Ш. Құсайынов, Н. Кладо), «Батыл балалар» (Ә. Тәжібаев) т.б. кино сценарийлер қызу талқыланды.

Сондағы Әуезовтің сөйлеген сөзінен үзінді.

28. М. Әуезовтің тұпнұсқаның идеялық-көркемдік қасиеттерін, образдылығын, үндестік ырғағын, үйқасын, автордың сөз өнеріндегі өзіне тән ерекшеліктерін, тарихи нышандарын көрсетудегі аударма теориясының мәселелеріне талдау жасаған ой-пікірінен үзінді.

29. Кенестер Одағының Батыры, ғалым М. Габдуллин «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы (28.XI.1955 ж., № 43) М. Әуезовке хат жазып, Қазақстандағы поэзияның, ұлттық дәстүрдің даму барысы туралы ой-пікір айтуға қозғау салған. Сол хатқа М. Әуезовтің қайтарған жауабынан үзінді.

30. 1958 жылы қазан айында Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында Мұхтар Әуезов Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан делегаци-

ялары атынан делегаттарды құттықтап, бұл Одақтас республикалардағы оқу мен әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің даму жолдарына талдау жасады.

Одақтас республика әдебиеттерінің дамуындағы көркемдік ой мен шабыттың шарықтауы, халықтың жан жүйесі, мінез-әрекеті, тіл тенеуі, көріктеу кестесі, адамдық қарым-катынасы, ұлттық өзгешеліктерінің шындық үлгісін баяндаған ұзак сөзінен үзінді. Ташкент конференциясына катысқан Қазақстан делегациясының құрамы: Әуезов М., Мұсірепов Ф., Тәжібаев Ә., Молдағалиев Ж., Қабдолов З.

31. Бұл мақаланың негізі – Москвада шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресінде М. Әуезовтің өзі оқыған баяндамасынан үзінді, онда Қазақстандағы ұлттық дәстүрге, қазақ ауыз әдебиетінің дүлдүлдері Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев шығармаларына жоғары баға берген.

Кеңестік дәүірдегі ақын жазушылардан Б. Майлин, С. Сейфуллин, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафиндердің роман, новелла, повестеріндегі ұлттық дәстүрге талдау жасаған.

Сонымен қатар Қазақстан жазушыларының қандай дәстүрлерден бастаудың көрсеткен.

32. М. Әуезов «Хан Кене» пьесасын 1928 жылы жазып, патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісін көрсетуді мақсат етті. Бірақ «Хан Кене» М. Әуезовтің басына бұлт үйіріп, бұрынғы Алашорда мүшесі, ұлтшыл деген айқай шуды қайта қоздырды. Қазақтың ұлт-азаттық көтерілісінің басында Кенесары ханының тұруы коммунистік идеологияға жат деп, шулаушылар көбейді. Сондықтан Қазақстан Халық Комиссарлар Кенесінің тәрағасы О. Исаевтың атына жазған арызында М. Әуезов «Хан Кенені» өз қателіктерімнің бірі деп, еріксіз мойындауға мәжбүр болды.

1934 жылы 7 мамырда жазушы Ф. Мұсірепов Қазақстан Орталық партия Комитетінің бірінші хатшысы Л. Мирзоянға «Хан Кене» туралы: «Қазақ халқының патшаның отарлау саясатына қарсы құресуін көрсету керек немесе Кененің хандық билігі қирап, оны қалпына келтіру жолында сонын әрекетіне халықтың карсылығын көрсету керек. Мен осының сонғысын қолдаймын» деп жазған хаты.

33. «Ақан мен Зайра» либреттосын М. Әуезов пен С. Мұқанов бірлесіп жазбақ болған. Либреттодан үзінді 1936 жылы 17 мамырда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған.

34. Ғабит Мұсіреповке жазған хатта қандай сценарий екені айтылмаған.

Дегенмен Мұхтар Әуезовтің творчествосына талдау жасағанда, «Казахстанская правда» газетінің 1940 жылғы 12 ақпандағы 25-санында басылған «Қазақтың екінші көркем фильмі – «Райхан» түсіріле бастады» деген хабарға қарағанда, осы фильм болуы керек. Фильмнің сценариін М. Әуезов жазған. Қоюшы режиссер болып М. З. Левин бекітілген. Бұл фильмді Қазақ республикасының 20 жылдық мерекесіне орай экранға шығару жоспарланды. Кинофильмді «Ленфильм» студиясы орыс, қазак тілінде шығарды.

35. 1942 жылы 11-қарашада Бауыржан Момышұлы соғыстың ең ауыр құндерінде Мұхтар Әуезовке «Намыс гвардиясы» пьесасы туралы хат жазып, ой-пікірін білдірді. «Намыс гвардиясы» пьесасын М. Әуезов пен Ә. Әбішев жазған.

36. Мұхтар Әуезовтің 1944 жылы 25-қыркүйекте Сәбит Мұқановқа жазған хаты.

Бұл хатта бірсыныра мәселелер анықтауды, іздестіруді, зерттеуді, толықтыруды қажет етеді.

Бірак хаттағы «Одан басқасы өр кенсе берген планда. Соны орындағанын бағу ғой» дегенге қарағанда, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың туғанына байланысты Сәбитке берген тапсырма болуы мүмкін.

37. Мұхтар Әуезовтің Әбділда Тәжібаевқа Ыстықкөл курортынан жазған хаты.

38. Мұхтар Әуезовтің Москва Мемлекеттік университетінің КСРО халықтарының әдебиеті кафедрасының менгерушісі, доцент Мәдина Искандеровна Богдановаға 21 қантар 1949 жылы жазған хаты.

39. Мұхтар Әуезовтің науқастығына байланысты Қазақ КСРО Ғылым академиясының Тәралқасы мәжілісіне қатыса алмайтындығын Қ. Сәтбаевқа білдірген хабары.

40. «Абай» романы туралы оқырманның ой-пікірі.

41. Мұхтар Әуезов «Абай» романын орыс тіліне аударған Н. И. Ановқа аударманы тездетуді және аударманың сапасын, тілін, сөз, сейлем байланыстарын, қолдану реттерін жақсарту, көркемдік сапасын жетілдіру жөнінде он шақты хат жазған. Онда қалайда өзінің 60 жасқа толу (28.IX.1957 ж.) қарсанына дейін «Знамя» журналында алғашкы тарауларын жариялау қажеттігін ескерткен. Солардың бірі – осы 13.1.1957 жылғы хат.

42. Әдебиеттанушы, прозашы әрі аудармашы А. Б. Никольская-яның «Абай жолы» романы үшін Мұхтар Әуезовке Лениндік сыйлық берілуімен құттықтаған хаты. Б. И. – Борис Иванович Ильин-Кауев – А. Б. Никольскаяның жұбайы.

43. Мемлекет қайраткері Ілияс Омаров «Қазак әдебиеті» газетінде (15.VIII.1958, № 33, 22.VIII.1958, № 34) «Халықтық эпопея» деген мақала жазып, «Абай жолы» романына толық талдау жасап, жоғары баға берген. Ілияс Омаровтың бұл еңбегені Мұхтар Әуезов сүйсініп, алғыс сезімін білдіріп 1958 жылғы 28 тамыздағы жазған хаты.

44. Мұхтар Әуезовтің ақын, ғалым Әбділда Тәжібаевты 50 жасқа толумен құттықтаған жедел хаты.

45. Мұхтар Әуезовтің Кенес Одағының Батыры, Жазушы Бауыржан Момышұлын 50 жасқа толуымен құттықтаған жедел хаты.

46. Жазушы Көмен Оразалинге Мұхтар Әуезовтің өзінің туған жерін, елін баласы Мұратқа таныстыруды өтінген хаты.

47. «Абай» романы және оның авторы Мұхтар Әуезов жөніндегі ой тебіренісін, әсер-сезімін білдірген Ставраполь өлкесінің Минводы қаласындағы 54-үй, 17 пәтер түрғыны Владимир Старожуктың хаты.

48. «Абай» романы және Мұхтар Әуезов туралы Константин Федин, Борис Полевой, Мұстай Кәрім, Наири Зарян, Ираклий Андроников және А. Венилованың пікірлері.

49. КСРО Министрлер Кенесі жанындағы Баспасөз комитетінің «Көркем әдебиет» баспасы «Дүние жүзі әдебиетінің кітапханасы» редакциясының алқа мүшесі Әбдіжәміл Нұрпейісовке «Дүние жүзі кітапханасы», «Кенес поэзиясы» деген екі томдықты шығаруға, оған Кенес Одағы бойынша 72 ақынның 40 мын жолдық өлеңін енгізу жөнінде жоспар жасалғанын хабарлап, бұл жөніндегі пікірін сұраған. «Редколлегия мүшесі ретінде – дейді Ә. Нұрпейісов, – Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин өлеңдерін екі томдыққа енгізбесе, казак әдебиетін көп ұтылысқа ұшырата-ды. Сондықтан осы ақындарды тізімге қосу жөнінде ұсыныс жасауды өзімнің міндеттім деп білемін» деп хабарлаған. Б. Грибанов «Дүние жүзі әдебиеті кітапханасы» редколлегиясы тара-пынан М. Әуезовтің осы баспадан шығаруға дайындалып жатқ-

ан томына түсініктеме жазып беруін сұраған және Ә. Нұрпейісовті осы мәселеге байланысты Москваға шакырған хаттан үзінді.

50. Кеңестер Одағының Батыры, ғалым М. Габдуллиннің 1949 жылы «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысында» (№ 5) жарияланған «Абай» романы – совет әдебиетінің зор табысы» деген мақаласынан үзінді.

51. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың «Абай» романы туралы пікірі.

52. М. Габдуллин орыс аудыз әдебиетінің маманы, академик Юрий Матвеевич Соколовтың, Нина Сергеевна Смирнованың ұсынысымен 1939 жылы қазақ аудыз әдебиеті бойынша аспирант болып, соған жетекшілікке М. Әуезов бекітілген. Аспиранттың М. Әуезовпен алғашқы кездесуі, сұхбаты, онан алған әсерінен үзінді.

53. Д. Қаралдина Мұхтар Әуезовпен ұзак жылдар қызметтес, сырлас болған. Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жұмыстарының сиронын жақсы білген, Мұхтар Әуезов қайтыс болғаннан кейін Д. Қаралдина М. Әуезов туралы жалпы оқырман қауым тұшынып оқитын, сүбелі де қызықты, жазушының жалпы жұртқа беймәлім мінез-құлқы, отбасымен, жора-жолдастарымен, адаммен катысы, өмірге көзқарасы т.б. мәселелер жайында танымды естелік жазған. Сол 184 бет естеліктен «Абай» романын жазуды қалай бастап, қалай аяқтап, ақырғы нұктесін қойғандығы, жазушының сол сәттегі сезімі мен қуанышы көрсетілген қысқа үзінді.

Лениндік сыйлықтың лауреаты, бір ғасырда бір туатын дарын, ұлы Абайды өмірге қайта келтіріп, қазақ әдебиетінің туын көтеріп, бүкіл әлемге қазакты танытқан кеменгер ұстаз, данышпан Мұхтар Әуезовтің үлкен жүргегі 1961 жылы 27 маусымда соғуын тоқтатты. Бұл қазақ халқына, қазақ әдебиетіне орны толmas үлкен қайғы болды. Кеңестік қызыл саясат, катыгез идеология жанашыр халықтың жанжурегін тебіренткен зар-жоктауына тиым сала алмады. Сол қаралы сәтте Мұхтар Әуезовті Данабике Қаралдина қазақтың ескі салты бойынша, басына қара жамылып жоқтау айтқан, сол жоктаудың мәтіні беріліп отыр.

54. Жазушы Зейін Шашкин Мұхтар Әуезовпен қалай танысқаны туралы ой тебіренісі және «Абай» романының тілі жөніндегі пікірі.

55. Мұхтар Әуезовтің әдеби творчествосына талдау жасаған

Темірғали Нұртазиннің «Коммунизм таңы» газетінің 1957 жылғы 28 қыркүйектегі 193-санында жарияланған «Жемісті сапар» мақаласынан үзінді.

56. Филологияғының кандидаты Айқын Нұрқатовтың Мұхтар Әуезовтің драмалық шығармаларына талдау жасаған («Коммунизм таңы» газеті, 1957 жылғы 28 қыркүйек 193-саны) «Көнігі драматург» мақаласынан үзінді.

57. Қазіргі дарынды ақын Қадыр Мырза Әлінің Қазак мемлекеттік университетінің бесінші курсында оқып жүрген кезінде Мұхтар Әуезовтің дәрісін тындалап, алған ләззатын баяндаған 1957 жылы 28 қыркүйекте «Коммунизм таңы» газетінің 193-санында жарияланған «Дарынды педагог» мақаласынан үзінді.

58. Қазақ әдебиетін зерттеуде елеулі орыны бар ғалымның бірі Есмағамбет Ысмайлов та Коммунистік партияның жөнсізсынынан, зансыз құғыннан-сүргіннен тыс қалған жоқ. Ол – көптеген ғылыми зерттеу енбектердің, монографиялардың авторы. Солардың бірі – «Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихы жөніндегі жана кітабы» деген ғылыми-зерттеу мақаласы.

59. Қоғам және мемлекет қайраткері Ілияс Омаровтың «Абай романына» жан-жақты талдау жасаған «Халықтық эпопея» деген мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 15, 25 тамыз күндері 33–34-сандарында жарияланған.

60. 1961 жылы 1 шілдеде Мұхтар Әуезовті жерлеуге байланысты академик Қаныш Сәтбаевтың қаралы митингіде сөйлеген сөзі.

61. Қалижан Бекхожиннің «Кеменгерім десенізші» деген Мұхтар Әуезовті еске алу жөніндегі мақаласы.

62. К. Жармағамбетовтың «Мұхтар Әуезов» монографиясынан.

63. Жазушы Н. Ановтың «Еңлік-Кебек» спектаклі алғаш рет Әйгерім ауылында қалай қойылғаны, кімдер ойнағаны туралы Мұхтардың өзінен тындағаны, жөнінде «Абай ауылындағы спектакль» деген естелігі.

64. Мұхтар Әуезов туралы ақын Хамит Ерғалиевтің 1967 жылғы 3 желтоксанда «Социалистік Қазақстан» газетінің 281-санында жарық көрген «Лұғатты мектеп» естелігінен үзінді.

65–67. Мұхтар Әуезовтің тұғанына 70 жыл толуына байланысты құттықтау, естеліктерден үзінді.

68. Композитор Л. Хамиидидің Мұхтар Әуезов туралы естелігі. Жазылған мерзімі көрсетілмеген.

69. Мұхтар Әуезов 1932 жылы Қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің менгерушісі қызыметіне келісімен, іске қызу кірісті. 1934 жылы театр жаңынан көркемдік кенес құрды. Оның құрамына Әбдірахман Қадырбаев, Елубай Өмірзаков, Мәлике Шамова, Қапан Бадыровтар енді. Мұхан ғұл жылдары театр өнерінің қабырғасын қатайты. Москва, Ленинград тәрізді өнер білім орталарына кадрлар жіберіп, театр кадрларының дайындығын арттырды. Кадрлардың білімін арттыру үшін театр жаңынан актерлік студия ашты. Москва, Ленинград қалаларынан таңдаулы актерлер шақырып, қазақ актерлерінің шеберлігін арттырды.

70. Жазушы Илияс Есенберлиннің «Казақ әдебиеті» газетінің 1977 жылғы 25 қыркүйектегі 38-санында жарияланған Мұхтар Әуезов туралы «Тұла бойы тұнған ұлгі» деген естелігінен үзінді.

71. 1981 жылы Алматы қаласындағы драма театры алдында Мұхтар Әуезовке ескерткіш ашу салтанатында жазушы Ә. Нұрпейісовтің сөйлеген сөзі.

72. М. О. Әуезов туралы достық лебіздер.

ПРИМЕЧАНИЕ

1–2. Еженедельная газета «Сары-Арка» начала выходить с мая 1917 года на казахском языке в г. Семипалатинске. Редакторами были Райымжан Марсеков и Халел Габбасов. Газета поднимала экономико-политические, социальные, культурно-просветительские вопросы в Казахстане.

После февральской революции 1917 г. казахская молодежь начала создавать различные общественные организации, проводить литературные вечера, культурно-массовые мероприятия. Такие мероприятия проводились в Семипалатинске, Акмешите, аулияете, Павлодаре, Шиели и в других городах. Основной целью этих мероприятий были: оказание помощи казахам, бежавшим в Китай, после царского Указа в июне 1916 года, бедствующим после голода 1917–1918 гг., оказание помощи нуждающимся учащимся, издание книг, собрание литературного наследия, борьба с чуждыми народу

традициями. Одной из них была созданная в Семипалатинске организация «Талап».

В статье говорится о том, как был поставлен на сцене спектакль «Енлик-Кебек» на свадебном тое Акыша – дочери Турагула Кунанбаева, внука Абая. Средства, собранные на спектакле, были направлены на нужды беженцев-казахов в Кульдже.

3. Несмотря на приказ, изданный в ноябре 1919 г Кирревкомом и руководством Туркестанского фронта, Указа военревкома по управлению Казахским краем, специальному декрету Совнаркома о помиловании лиц, перешедших от белогвардейцев на сторону советской власти до декабря 1919 года, Сибирский Военный Совет и Ревком в начале февраля 1920 года арестовали Райбекова, Оспанова, Букейханова, Г Байтенова.

С требованием срочно освободить арестованных представителей интеллигенции, член Семипалатинского Губкома Туленов Ж. отправил 4.11.1920 года телеграмму на имя председателя Кирревкома Пестковского С.

Не получив своевременного ответа, члены Семипалатинского Губревкома Туленов Ж., Ермеков А. и члены бюро Туркских народов при РКП Ауэзов М. и Аймауытов Ж. направили телеграмму с требованием освободить казахских интеллигентов и прекратить преследование общественных деятелей.

4. Пьеса «Ел ағасы» была написана и поставлена на сцене 1921–1922 годах в г. Оренбурге, о чем свидетельствует программы пьесы, напечатанная казахским краевым издательством тиражом 50 экземпляров. Этот документ подшип в архивном деле под заголовком: «Дело по обвинению Юсупова, Аймауытова, Кожанова, Байметова, Кубекова», хранящимся в ЦГА РК (ф. 251 опись 4, дело 10, лист 212).

6. Всеказахский съезд проходил 4–10 октября 1921 года в г. Оренбурге.

8. На XI Всеказахском съезде Ауэзов М. был избран членом Центрального Комитета Казисполкома и делегатом на IX Всероссийский съезд советов, который состоялся 23–28 декабря 1921 года.

9. 3 апреля 1922 года Ауэзов М. был отозван из г. Семипалатинска и Постановлением Президиума КазЦИК был назначен членом Президиума и политическим секретарем Казисполкома.

10–11. Ауэзов М. направлялся для проверки состояния дел по

привлечению на производственные объекты рабочих и претворение в жизнь Декрета о Земле, для привлечения бедняков на работу в органах милиции и др. в Акмолинскую и Семипалатинскую губернии.

12–13. В связи с работой секретаря Сельского Губкома, а также редактором журнала «Тан», он был оторван от учебы в Ленинградском университете.

15. В 1929 году Крайпартком принял постановление об очищении учебных заведений от инакомыслящих людей.

24. Статья написана Ауэзовым М. в соавторстве с известным казахским публицистом и писателем Аймаутовым Ж. В статье говорится о негативных изменениях в быту и нравах казахского народа.

25. В статье Ауэзов М. обращается к своим ровесникам с призывом бороться с невежеством, безграмотностью.

26. Статья посвящена вопросам школьного образования, учебных программ в Казахстане.

27. В годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг. перед писателями и работниками кино ставилась задача создания героико-патриотических фильмов. В связи с этим 19.09.1941 году на заседании в Совнаркоме Казахстана была создана специальная группа в составе М. Ауэзова, С. Муканова, Г. Мусрепова, А. Тажибаева, А. Абишева, Ш. Хусаинова.

Уже в том же 1941 году были обсуждены первые сценарии на эту тему – это «Призыв Амангельды» (Г. Мусрепов, Л. Вайтоловская), «Встреча» (Ш. Хусаинов, Н. Кладо), «Смелые дети» (А. Тажибаев) и др.

Отрывок из выступления М. Ауэзова на этом заседании.

28. Из статьи о литературных переводах, которые должны сохранять идею, художественность оригинала, стиль автора.

29. Герой Советского Союза Малик Габдуллин через газету «Қазақ әдебиеті» (28.IX.1955 г.) обратился к Мухтару Ауэзову высказать свое мнение и отношение по вопросам развития казахской поэзии. Отрывки ответа М. Ауэзова на это письмо.

30. В 1958 году Мухтар Ауэзов от имени делегации Казахстана, Узбекистана, Киргизии, Таджикистана и Туркмении приветство-

вал делегатов Ташкентской конференции писателей стран Азии и Африки. В свяей речи Ауэзов М. сделал анализ развития учебы, литературы, культуры и искусства в союзных республиках.

31. Основой этой статьи был доклад М. Ауэзова, сделанный на XXV-й московской международной конференции востоковедов, где сделан анализ национальных традиций казахов на основе произведений Абая Кунанбаева и Жамбыла Жабаева.

Из советского периода анализировались произведения Б. Майлина, С. Сейфуллина, Г. Мусрепова, разбирались национальные традиции в их романах, новеллах, повестях.

32. М. Ауэзов написал пьесу «Хан Кене» в 1928 году, целью произведения было показать национально-освободительное восстание народа во главе с Кенесары против колониальной политики Российской самодержавия.

34. В письме Габиту Мусрепову не говорится о каком сценарии идет речь. Однако, при разборе творчества М. Ауэзова, напечатанного в газете «Казахстанская правда» 12 февраля 1940 года, сообщается, что начата съемка второго казахского художественного фильма «Райхан».

35. Пьеса «Намыс гвардиясы» («Гвардия чести») была написана М. Ауэзовым в соавторстве с А. Абишевым.

36. Письмо написано на казахском языке арабским шрифтом. В деле имеется перевод на русский язык.

41. М. Ауэзов написал Н. Анову – переводчику на русский язык романа «Абай» около десяти писем, где просит ускорить перевод, улучшить язык и стиль перевода. В письмах также напоминает о том, что к своему 60-летию (28.09.1957 г.) первые главы романа должны быть напечатаны в журнале «Знамя», одно из этих писем было написано 13.01.1957 года.

42. Никольская А. Б. – одна из первых переводчиков произведений Ауэзова М. на русский язык. Б. И. – Борис Иванович Ильин-Какуев – муж Никольской А. Б.

43. Государственный деятель Ильяс Омаров в газете «Қазак әдебиеті» (15.08.1958 г., № 33, 22.08.1958 г., № 34) написал статью «Народная эпопея», где делает глубокий анализ роману «Путь Абая» и дает высокую оценку. М. Ауэзов был доволен

этой работой И. Омарова и выразил благодарность в своем письме от 28 августа 1958 г.

46. Письмо М. Ауэзова писателю Камену Оразалину было написано незадолго до кончины писателя, это одно из последних писем Ауэзова М. О. с просьбой познакомить сына Мурата Ауэзова с родными.

50. Отрывок из статьи «Роман «Абай» – достижение советской литературы» Героя Советского Союза, ученого Малика Габдуллина был опубликован в «Вестнике Академии наук Казахской ССР» (№ 5).

52. В 1938 г. первым научным руководителем Габдуллина М. был Муканов С., впоследствии по предложению специалиста русской народной устной литературы, академика Юрия Матвеевича Соколова и Нины Сергеевны Смирновой в 1939 году его руководителем стал М. Ауэзов. Отрывки воспоминания о первой встрече с М. Ауэзовым.

53. Данабике Карадина долгие годы работала вместе с М. Ауэзовым. После смерти М. Ауэзова она написала воспоминания, в которых говорится о неизвестных страницах жизни писателя: о его характере, общении с друзьями-товарищами в семье, мировоззрении и т.д. В дни траура Данабике Карадина прощалась с Мухтаром Ауэзовым по старой казахской традиции песней «жоктау».

55. Отрывки из исследовательской статьи «Плодотворная работа» Темиргали Нурагина о литературном творчестве М. Ауэзова были опубликованы в газете «Коммунизм таны» 28 сентября 1957 года.

56. Отрывок из статьи доктора филологических наук Нуркатова А., где делается анализ драматическим произведениям Мухтара Ауэзова. Статья была опубликована в газете «Коммунизм таны» 28 сентября 1957 года.

57. Статья поэта Кадыра Мырзы Али «Талантливый педагог», о том, какое впечатление произвела лекция М. Ауэзова, прослушанная им еще будучи студентом 5-курса университета. Статья опубликована в газете «Коммунизм таны» 28 сентября 1957 года.

58. Исмаилов Е. – автор множества исследовательских работ.

Одна из них – научно-исследовательский труд – «Новая книга Мухтара Ауэзова об истории литературы».

59. В статье общественного и государственного деятеля Ильяса Омарова «Народная эпопея», напечатанной в газете «Қазақ әдебиеті» в августе 1958 года. В статье делается анализ романа «Абай».

61. Статья-воспоминание Калижана Бекхожина «Назовите мудрецом».

65–67. Отрывки из выступлений и воспоминаний в связи с 70-летием со дня рождения Мухтара Ауэзова.

69. В 1932 году Мухтар Ауэзов был назначен заведующим литературным отделом Казахского драматического театра. В 1934 году создан художественный совет театра, в который вошли Абдрахман Кадырбаев, Елубай Умирзаков, Малике Шамова, Капан Бадыров.

70. Отрывок воспоминаний Ильяса Есенберлина о Мухтаре Ауэзове, опубликованный в газете «Қазақ әдебиеті» 25 сентября 1977 года.

71. Выступление писателя А. Нурпеисова во время открытия памятника М. Ауэзову в г. Алматы перед зданием Казахского театра драмы им. Ауэзова М. О.

72. Дружеские слова о Мухтаре Омархановиче Ауэзове.

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

КҮРАСТАРЫШЫЛДАН. ОТ СОСТАВИТЕЛЕЙ	3
I. МҰРАФАТ ДЕРЕКТЕРІ. ДОКУМЕНТЫ К БИОГРАФИИ	
«Талап» үйымының спектакль қойғаны туралы	
«Иглікті іс» мақаласы	7
«Талап үйымының тұтынған мақсұты	
Телеграмма Ауэзова М. О., Аймауитова Ж., Ер- мекова А., Туленова Ж. в Сибревком	8
М. Эуезовтің «Ел ағасы» пьесасының бағдарламасы	9
Приказ № 2 Семипалатинского губернского упра- вления по эвакуации населения	10
Мандат Ауэзова М. О. на Всеказахский съезд в г. Оренбурге	-
Выписка из протокола № 1 совещания ответствен- ных работников по вопросам голода	11
Мандат Ауэзова М. О. на 9-й Всероссийский съезд Советов	14
Удостоверение члена и политического секретаря Президиума КазЦИКа М. О. Ауэзова	15
Телеграмма Ауэзова М. О. председателю Семи- палатинского губернского исполнкома	-
Письмо полномочному представителю госполит- управления по КССР от секретаря КЦИК о выда- че удостоверений	16
Рекомендация Хожанова С. в Совнарком на выде- ление стипендии Ауэзову М. О.	-
Заявление Ауэзова М. О. в Казсовнарком с прось- бой зачисления краевую стипендию	-
Договор об издании учебника «История казах- ской литературы» и пьесы «Қаракөз» Ауэзова М. О. с Наркомпросом КССР	17
Выписка из протокола № 1 заседания комфракции при Казинтпросе о снятии с должности Ауэзо- ва М. О.	19
Постановление коллегии Наркомпроса о восстано- влении в должности преподавателя Ауэзова М. О.	20
Письмо Ауэзова М. О. председателю СНК КАССР тov. Исаеву У. о признании своих политических ошибок	
Письмо Ауэзова М. О., Мусрепова Г. председателю Президиума КФАН Сатпаеву К. И.	24
Письмо-извещение отдела наград Президиума	

Верховного Совета СССР секретарю Президиума Верховного Совета Казахской ССР Амриеву А.....	25
Из протокола вручения правительственные наград Союза ССР	
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумынан және қазақ ССР Министрлер Кеңесінен кайғылы хабар	
М. О. Әуезовті жерлеуді үйымдастыру үшін Қа- закстан Компартиясының Орталық Комитеті мен қазақ ССР Министрлер Кеңесі тарапынан Күрылған комиссия туралы	26
СССР жазушылар одағы басқармасының, Қа- зак ССР Жазушылар одағы басқармасының, Бей- бітшілікті қорғаудың Кеңестік комитетінің, СССР Министрлер Советі Әдебиет пен өнер саласын- дағы Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитетінің көңіл айтуы	

II. ОЙ-МАРЖАН. ДУМЫ АУЭЗОВА М. О.

Ж. Аймауитов және М. О. Әуезов, «Қазақтың өзге- ше мінездері»	28
Әуезов М. «Оқудағы құрбыларыма»	30
Әуезов М. «Қайсысын қолданамыз»	31
Из выступления Ауэзова М. О. на совещании в СНК КазССР по вопросу кинематографии	32
М. Әуезовтің «Көркем аударманың кейбір теория- лық мәселері» макаласынан	33
М. Әуезовтің М. Ғабдуллинге хаты	
Африка және Азия елдері жазушыларының Та- шкент конференциясы делегаттары алдында	
М. Әуезовтің сөйлеген сөзінен	34
Из статьи М. Ауэзова «О традиционном и нова- торском»	35

III. ХАТТАР СӨЙЛЕЙДІ. ПИСЬМА РАССКАЗЫВАЮТ

Письмо Мусрепова Г. Мирзояну Л. И. о пьесе Ауэзова М. О. «Хан-Кене»	36
Письмо Рождественского В. Жансугурову И.....	38
Письмо Ауэзова М. О. Мусрепову Г.....	
Письмо Момышулы Б. Ауэзову М. О. о пьесе «Намыс гвардиясы»	39
М. О. Әуезовтің С. Мұқановқа жазған хаты	40
М. Әуезовтің Ә. Тәжібаевқа жазған хаты	41

Письмо Ауэзова М. О. Богдановой М. И	43
Записка Ауэзова М. О. Сатпаеву К. И.	
«Абай» кітабы туралы оқырман хатынан	44
Письмо Ауэзова М. О. Анову Н. И.	
Письмо Никольской А. Б. Ауэзову М. О.	45
М. О. Әуезовтің I. Омаровқа жазған хаты	46
Телеграмма Ауэзова М. О. Тажибаеву А.	49
Телеграмма Ауэзова М. О. Момышулы Б.	-
М. Әуезовтің K. Оразалингे жазған хаты	50
Благодарственное письмо радиослушателя из г. Минеральные Воды Старожука В. Анову Н. И.	-
Из неопубликованных писем к Ауэзову М. О.	51
Письмо Грибанова Б. Т. Нурпесисову А. К. об из- дании произведений Ауэзова М. О.	52

IV ТАЛАНТҚА ТАҒЗЫМ. ВЕЛИЧИЕ ТАЛАНТА.

М. Ғабдуллиннің «Абай» романы – совет әдебиеті- нің зор табысы» мақаласынан	54
Из статьи Сатпаева К. И. о романе Ауэзова М. О.	
«Абай» – выдающееся произведение казахской советской литературы»	
М. Ғабдуллиннің «Қалай таныстық?» мақаласынан	55
Д. Қаралдинаның М. Әуезов туралы естелігінен	
Статья Шашкина З. «Мои встречи с Мухтаром»	58
Т. Нұртазиннің «Жемісті сапар» мақаласынан	60
А. Нұрқатовтың «Көнігі драматург» мақаласынан	61
К. Мырза Әлідің «Дарынды педагог» мақаласынан	
Е. Ысмайловтың «М. Әуезовтің әдебиет тарихы жөніндегі жаңа кітабы» мақаласынан	
I. Омаровтың «Халықтық эпопея» мақаласынан	62
Из речи Сатпаева К. И. на похоронах Ауэзова М. О.	63
К. Бекхожиннің «Кеменгерім десенші» мақала- сынан	
К. Жармағамбетовтің «Мұхтар Әуезов» моногра- фиясынан	64
Воспоминания Анова Н. И. «Спектакль в Абаев- ском ауле»	-
Х. Ерғалиевтің «Лұғатты мектеп» мақаласынан	67
Из статей, посвященных 70-летию со дня рожде- ния Ауэзова М. О.	-
Ш. Айтматов М. О. Әуезов туралы	68
Из статей газеты «Огни Алатау», посвященных 70-летию со дня рождения М. О. Ауэзова	-
Л. Хамиди «Ұмытылмас кездесулер»	70

К. Бадыровтың «Спектакль басталарда» мақала- сынан	72
I. Есенберлиннің «Тұла бойы тұрған үлгі» мақала- сынан	73
Выступление Нурпеисова А. К. на открытии па- мятника Ауэзову М. О. в г. Алматы	74
М. О. Әуезов туралы достық лебіздер	76
Отчет классного руководителя	77
Об успеваемости М. Ауэзова	78
Удостоверение М. Ауэзова	79
Аттестат М. Ауэзова	80
Әбділдаға хаты	81
Письмо Н. Анову	83
Именной указатель	84
Использованные фонды ЦГА РК	89
Список сокращенных слов	90
Түсініктемелер	91
Примечание	101

АУЭЗОВ И АРХИВ
На казахском и русском языках

Составители: Зияда Ижанов, Газиза Исахан, Мария Сандыбаева,
Жанар Сатаева

«Атамұра» баспасының бас директоры *M. Құл-Мұхаммед*

Бас редактор *Ә. Пірманов*

Редакторы *Н. Ақбай*

Көркемдеуші редакторы *Л. Полатова*

Техникалық редакторы *Г. Әзімқұлова*

ИБ № 91

Теруге 18.08.97 берілді. Басуға 23.09.97 қол қойылды. Пішімі 84x1081/32. Офсеттік басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. Шартты баспа табағы 5,88. Есептік баспа табағы 5,46 + 0,54 вкл. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1214

Бағасы келісімді.

«Атамұра» баспасы, 480021, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 157.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бүқаралық ақпарат істері жөніндегі агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480012, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.